

Дәріс №8

Тақырыбы: Қарлұқ (756-940 жж.) және Оғыз қағанаттары (IX-XI ғ.б.).

Дәрістің мақсаты: Студенттер қарлұқтар мемлекетінің құрылу барысы, саяси тарихы түркештер байлығы үшін болған оғыз-қарлұқ қақтығыстары, оғыздардың Сырдария мен Арал өңіріне, Еділ-Жайық мекеніне қоныстанып, дербес мемлекет құруы жөнінде мәліметтер біледі; қарлұқтар мен оғыздар туралы жазба деректер мен археологиялық деректерді саралай алады; қарлұқтар мен оғыздардың территориясын, археологиялық ескерткіштерін тарихи, археологиялық карталардан жақсы бағамдауға дағдыланады.

Мазмұны: 1. Қарлұқтар туралы жазба деректер және олардың шығу тегі, этникалық және тайпалық құрамы. 2. Мемлекеттің құрылуы. 3. Қарлұқтардың сыртқы саясаты мен мемлекетінің әлсіреуі және құлауы. 4. Оғыздардың кангар-печенег бірлестігін күйретуі және Сырдария мен Арал өңірін, Еділ-Жайықты қоныстанып дербес мемлекет құруы.

Қарлұқтар туралы жазба деректер және олардың шығу тегі, этникалық және тайпалық құрамы.




Қарлұқ туралы алғашқы мәліметтер грек жазушысы Птоломейдің (II ғасырдағы) атақты «Жағырафия» еңбегінде кездеседі. Мұнда қарлұқ түркі тілдес тиректердің (теле) бір тайпасы делінеді. Ал қытай жазбасында олар туралы мәлімет V ғасырдың орта кезінен бастап кездеседі. Мұнда қарлұқ басты рудың атымен «бұлақ» деп жазылған, Алтай өңірін қоныстанған.

Қарлұқтардың түріктермен генетикалық байланысы туралы араб авторы Ибн Әл-Факих қарлұқтарды ежелгі түріктер деп жазып қалдырған. Қарлұқ тайпаларының құрылып, қалыптасуы, оның бастапқы сатылары Шығыс Азия аумағындағы түрік, теле тайпаларымен қатар және шектес аумақтарда жүзеге асты. Этникалық дамудың келесі сатысында қарлұқтар құрамында үш ірі тайпа аталады: бұлақ, ташылық, жікіл. Этникалық дамудың келесі кезеңі қарлұқтардың VIII ғасырда Жетісуға келуімен байланыста жүрген. Араб авторы Әл-Маруази қарлұқтардың құрамына тоғыз тайпа енген (түргеш,

барысхан, бұлақ, шігіл, ташлық, халадж, тухси, азкіші, тухат) дейді. Халықтардың қоныстануы VIII-X ғасырларда шығысында Жоңғар Алатауы, батысында Сырдария алабын мекендеген. Қарлұқтардың қоныстануы турасында араб авторларының еңбектерінде нақты мәліметтер кездеседі. Олар (Ибн-Хаукал, Әл-Идриси т.б.) өз еңбектерінде қарлұқтардың қоныстану аумағы, қалаларын көрсеткен.

734 жылы Білге қаған қайтыс болған соң, Шығыс Түрік қағандығы ішкі қырқыстар салдарынан тозғындай түсті. Осы кезден бастап қарлұқтар елеулі әскери-саяси күшке айналып, тарих сахынасына шыға бастады, бұдан былайғы тарихи оқиғаларда елеулі роль атқарды.

Мемлекеттің құрылуы.



Қарлұқтар Шығыс Түрік қағандығының соңғы кезеңдерінде тоғыз-оғыз (ұйғыр) тайпаларымен, басмылдармен одақтасып, үш тайпаның одағы Шығыс Түрік қағандығын құлатты, оның орнына ұйғыр қағандығы құрылды (744-840 ж.ж.). Ұйғырлардың басшысы Тұнияпу, қарлұқтардағы Япғу (жабғу) деп аталды. 756 жылы қарлұқтар бұрынғыдан да күшейіп, өзінің бұрынғы одақтасы ұйғырлармен үзеңгі соғыстырып, бәсекеге түсті. Ақырында жеңіліске ұшырап, Жетісу жеріне қарай ығысуға мәжбүр болды. Бұл кезеңде Жетісуда саяси жағдайы өте күрделі болатын. Түргештер екіге бөлінген. Билеу үшін болған ұзақ күрестер нәтижесінде әлсіреп, шығыстан келген қарлұқтарға түркештер үлкен қарсылық көрсете алмаған. VIII ғасырдың 60 жылдары (766 жылы) Суяб пен Тараз қаласы, Жетісу қарлұқ жабғысының қоластына көшеді. Жетісуда олардың саяси салмағы өсіп, мемлекеттің құрылуына әкелген. 766-775 жылдары қарлұқтардың бір бұтағы Қашғарияны басып алады, ал VIII ғасырдың аяқ кезінде олардың өзге бір тобы Ферғанаға ықпалын жүргізе бастаған.

810 жылы арабтар қарлұқтарға шапқыншылық жасап, Құлан қаласына (қазіргі Луговой станциясы) дейін жеткен. 812 жылы оларға Отырарға жортуылға шығып, қарлұқтар қолын қирата жеңіп, олардың жабғысын қимақ еліне қашып кетуге мәжбүр еткен. IX ғасырдың 20 жылдарынан бастап Мауереннахрда (қарлұқтардан батыста) саманилер әулеті билік жүргізген. Ол Бағдаттағы араб халифатына сырттай ғана тәуелді болып есептелген.

840 жылы Орталық Азия даласында аса маңызды оқиға болған: Енисей қырғыздары ұйғыр қағандығын жойып, ұйғырларды Тұрпан көгалды аймағы мен Ганьчжоу ауданына еріксіз көшірген. Бұл оқиғаны Исфиджаб билеушісі, қарлұқ жабғысы Білге Күл Қадырхан шебер пайдаланып, жаңадан қаған атын алып, өзінің жоғарғы өкіметті алуға құқы бар екенін ашықтан-ашық жариялаған.

Қарлұқтардың сыртқы саясаты мен мемлекетінің әлсіреуі және құлауы.



840 жылы қарлұқ қағанының саманилерге қарсы соғыс жүргізуіне тура келген. Өйткені Самарқанд уәлиі дінсіз түріктерге қарсы қасиетті соғыс ашылды деп жар салып, Исфиджабты басып алған. 893 жылы самани Исмаил ибн Ахмет Таразға жорық жасаған. Қарлұқ қағаны Оғұлшақ Қадырхан қаланы ұзақ уақыт қамап қоршаса да шыдамаған, бірақ ақырында қала құлап, оның халқы ислам дінін қабылдаған. Оғұлшақ өз ордасын Тараздан Қашғарға көшірген де, саманилерге қарсы соғыс әрекеттерін жүргізе берген. Бұған қоса Жетісу түріктері саманилердің қысымына тойтарыс беріп қона қоймай, олардың мемлекетіне жортуыл-жорықтар да жасап тұрған. 904 жылы Мауереннахрға түріктің қалың әскері басып кірген, бірақ олар біраздан кейін тықсырылып шығарылған.

Ішкі қырқыс, өкіметті алу жолындағы талас-тартыс мемлекеттің береке-құтын қашырды. Міне осындай қиын жағдайда шын мәніндегі қауып-қатер Қарлұқ қағанатына Қашғар жағынан келген. 940 жылы олар Баласағұнды басып алды да, қарлұқтар мемлекеті құлайды, Қарахан мемлекеті құрылады.

Оғыздардың кангар-печенег бірлестігін күйретуі және Сырдария мен Арал өңірін, Еділ-Жайықты қоныстанып дербес мемлекет құруы.



ҮІІІ ғасыр орта шенінде түргештер мұрасы үшін қарлұқтармен болған күресте оғыздардың едәуір бөлігі Жетісуды тастап, тау баурайлары мен Шу алқабына кетіп қалған болатын. Осы арада олардың «Көне Гузия» деп аталатын ордасы бартұғын. ІХ ғасырдың басында оғыздардың көсемдері қарлұқтармен және қимақтармен одақтасып, қанғар-печенег бірлестігін күйретеді, сөйтіп Сырдарияның төменгі жағы мен Арал өңірі даласын басып алады. ІХ ғасырдың соңғы кезінде олар хазарлармен одақ құрып, печенегтерді жеңеді де, Жайық пен Еділ арасын қоластына қаратады.

Печенегтермен ұзақ соғысқа созылған күрес-тартысы олардың саяси бірлігін күшейтіп, тайпалардың оғыздық одағын құруға мүмкіндік береді. Олардың конфедерациясына Каспий далаларының үнді-еуропа және финн-угор тектес ежелгі (негізінен түріктендірілген) этникалық компоненттері және сонымен бірге Жетісу мен Сібірдің халаджылар, жағарлар, чаруқтар, қарлұқтар, имурлар, байандұрлар, қайлар секілді көшпелі тайпалары да кіреді.

Оғыздар көптеген рулық тармақтары бар бірсыпыра тайпаларға бөлінген. М.Қашқаридың айтуынша (ХІғ.), әуелгі кезде олар 24 тайпадан құралып, екі фратрияға: бұзықтар мен ұшықтарға бөлінеді. Бұзықтар көптеген артықшылықтарды пайдаланған. Оғыздардың қарлұқ, печенег, башқұрт, қимақ, қыпшақ сияқты түркітілдес көрші тайпалармен, қауымдармен тығыз байланыста болуы уақыт өткен сайын олардың өзара жақындасуына жол ашады.

ІХ ғасырдың аяғы – ХІ ғасырдың басында оғыз тайпалары Сырдарияның орта ағысынан Еділдің төменгі бойына дейінгі орасан кең территорияны мекендейді. Оғыздардың қоныс өрістері Ырғыз, Орал, Ембі, Ойыл өзендерінің бойында, Сырдариялық Қаратау баурайлары мен Исфиджаб шегіне дейін жайылып, шашырап жататын.

Х ғасырда Батыс Хазарияға дейінгі Солтүстік Каспий маңы, Орталық, Оңтүстік-шығыс Қарақұм және Арал маңындағы Қызылқұм Оғыз даласы деп аталады. Оғыздар мемлекеті туралы алғашқы дерек ІХ-Х ғасырлар басында жазылған араб тіліндегі тарихи-жағырафиялық шығармаларда келтіріледі. Оғыздар мемлекетінің бар екендігі жайлы ең ескі хабар Әл-Якубидің (ІХғ.) туындыларында айтылады. Араб жағырафы оғыздардың қарлұқтармен, тоғыз оғыздармен, қимақтармен жүргізген соғыстарын хатқа түсірген. ІХ-Х

ғасырлардағы оғыздар туралы қызғылықты мәлімет Ибн әл-Факихтың (Хғ.) жағырафиялық еңбегінде кездеседі, онда оғыздар қимақтармен және тоғыз оғыздармен бірге «патшалар» (малик) болып табылады және түріктер арасында өзгелерден гөрі көбірек құрметтеледі деп хабарланады.

X ғасыр оғыздардың астанасы Орта Азия мен Шығыс Еуропаға және Орталық Азияға баратын керуен жолдарының тоғысқан жерінде жатқан Янгикент қаласы болған. Жоғарғы билеуші оғыз мемлекетінде «жабғы» атағын иеленген, оның орынбасарлары «күл еркін» деп аталған, оғыз әскерінің қолбасшысы «сюбашы» атағын иеленген. Билік мұрагерлік жолмен берілген.

IX-X ғасырларда оғыз мемлекетінде ескі рулық-тайпалық институттар азып-тозу процесі мінсіз жүрумен бірге, патриархалды феодалдық қатынастар да дамиды. Оғыздар қоғамында жекеменшік қалыптасып дами бастайды, ақсүйек байлар тобы жеделдете бөлініп шығып жатады. Малға жеке меншік мүліктік теңсіздіктің негізі болып табылады. Оғыздардың басты шаруашылығы интенсивті мал шаруашылығы болды.

Көшпелілермен қатар елде жартылай отырықшы және отырықшы жұрттың жинақты топтары да күн көрген. X-XI ғасырларда ортағасырлық авторлар қалалар мен отырықшы қыстақтар қатарында Жент, Сауран, Қарнақ, Сүткент, Фараб, Сығанақты атап өтеді. Дала және отырықшы егіншілік зоналарда құл саудасы кеңінен жайылған. Оғыздар негізінен мәжусилер болған, бақсы-балгерлерге табынған. Сонымен бірге оғыздар арасына бірте-бірте ислам діні де ене бастаған.

Оғыздар мемлекеті Еуразияның саяси және әскери тарихында маңызды рөл атқарады. 965 жылы Киев князы Святославпен бірге Еуропа мен Азияны жалғастыратын Еділ бойы, Маңғыстау, Үстірт арқылы өтетін сауда магистральдары үшін, жайылым үшін маңызды Дон және Қаратеңіз жазықтықтары үшін хазарларға қарсы одақ құрды. Хазар қағанатын талқандады. 985 жылы князь Владимирмен бірігіп Еділ бұлғарларын талқандайды. X-XI ғғ. Әли хан кезінде шектен тыс алым-салыққа наразы болған сюбашылар бастаған оғыз көтерілісі болады. Оның мұрагері Шахмәлік тұсында 1041 жылы Хорезмді жаулап алды. Екі жылдан соң Шахмәлік селжұқтардың қолынан қаза табады.

Салжұқтармен жүргізген ұзақ күрес, ішкі терең қайшылықтардан әлсіреген оғыз мемлекеті қыпшақтардың соққысынан біржола құлайды.

Керейхан Аманжолов өзінің «Түркі халықтарының тарихы» деген еңбегінде Селжук империясының негзін қалағандар – оғыздардың әскер басшысы сюбашы өздері басқарып отырған тайпалармен, оғыздардың жоғарғы билеушілерімен араздасып, жайылымның жетіспеушілігінен оңтүстікке Мауереннахрға кетіп қалған. Кіші Азия мен Балқан түбегінде мемлекеттің негізін қалаған.